

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

«Армысың, әз Наурыз!»

№ 13 «Аққоян» ортаңғы тобының
наурыз мейрамына арналған
ертеңгілігінің сценаріі



Тәрбиешілері: К.Ш. Сарсенова
Ж.Б. Қазыбаева
Саз жетекшісі: И.В. Григуль

Қандыағаш қаласы
2023 ж

«Армысың,әз Наурыз!»

Мақсаты: Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру.

Балалардың ой-қиялын, тілін, өрісін, іздену негіздерін дамыту.
Балаларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу.

Жүргізуші: Армысыздар, қадірменді халайық! «Күншуақ» балабақшасының ұжымы, ата-аналар, сүйікті кішкентай бүлдіршіндер. Көктем мезгілімен бірге Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі де бірге келеді. Қазақ халқының жаңа жылын «Жыл басы-Наурыз» деп санаған. Ақ көңілмен, адал жүрекпен дос құшақтарды айқастырып, табысатын қасиетті күн – Наурыз мерекесі құтты болсын! Наурыз баршамызға жаңа бақыт, жаңа табыс, денсаулық әкелсін!

Күттіріп келген жыл басы,

Бізбен бірге жырлашы.

Дастарқаным елімнің,

Береке, ырыс сыйлашы.

Жүргізуші: Наурыз бақыт пен шаттық мерекесі. Наурыз көктем мерекесі.

Ал енді тойдың көркі ән дейді халқымыз. Қазір балалар «Көктемде, көктемде» әнін орындап берейік.

Қайнар: Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсын халайық,

Қане достар, қане достар,

Шырқап әнге салайық.

Ақниет: Наурыз келді еліме,

Наурыз келді жеріме.

Байлық, бақыт тілеймін,

Бүкіл қазақ еліне.

Күй ойналып ортаға Алдар көсе кіреді:

Мен Алдармын,Алдармын,

Сақалымды талдармын.

Сақал түгіл,мұртта жоқ,

Оның несін талдармын. (AAA-aaa,EEEE-eee)

Ұлыс оң болсын,ақ мол болсын!

Амансыңдар ма? Балалар ! Мен Шығайбайдан қашып келемін.Иә, сараң байды алдап, мінекей Наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп қояды шапанын).«Аққоян» тобында Наурыз өтіп жатқанын жол жөнекей естідім.

Наурыз тойларыңыз құтты болсын!

Дендеріңіз сау мықты болсын.

Аман-есен болайық,

Баршаңызға тілегім осы халайық!

Жүргізуші: Қош келдіңіз!Ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы алыңыз. Наурыз мейрамыңыз құтты болсын! Алдар аға төрлетіңіз. Біздің балалардың өнерін тамашалаңыз.Балалар Алдар көсе атамызға тақпақтарымызды айтып берейік.

Адиля: Наурыз айы-гүл айы,
Наурыз айы-нұр айы.
Наурыз айда халқымның,
Құлпыра түсер шырайы.

Алинұр: Уа, халайық, халайық!
Әсем әнге салайық.
Наурыз тойын көңілді,
Бірге қарсы алайық.

Инжу:Қош келіпсің Наурыз,
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың.

Алдар көсе: Ай жарайсыңдар балалар! Өнерлерің өрге бассын!

Мен сіздерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын ойнауға, бір дорба асықтарымды ала келдім.

«Ханталапай» ойынын ойнаймыз.

Бұл ойында тәсіл көп,

Кім мол алса асықты.

Сол баланың жеңгені!

Жерге асық шашылып ойын ойналады.

Ал, енді балалар сендермен «Арқан тарту» ойынын ойнайық. Екі жаққа балалар бөлініп тұра қалыңдар. Қай жаққа қарай арқанды көбірек тартады екенсіңдер. Ортаға 5 ұл бала, 5 қыз баланы шақырамыз. Ой бәрекелді! Мықты екенсіңдер балалар!

Алдаркөсе: Балалар менің қоштасатын уқытым келді. Наурыз мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау болыңыздар!

Ж.Амина: Күй шертіліп, ән айтып,

Би билейік бәріміз.

Инжу: Қош келіпсің Наурыз,
Арман тойы халықтың.
Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың.

Еркеназ: Көктем келді, балақай.

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Еркеназ: Көктем келді, балақай.

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге салайық.

Есік тоқылдатып: Әже,бала көтеріп келіні кіреді.

Жүргізуші:Сәлеметсіз бе,әже!Қош көрдік.Ауылдан шаршап келген шығарсыз.Келіңіз төрлетіңіз.

Әже:Амансыңдар ма,балаларым құрметті қонақтар?Көктемнің тамаша мерекесі,Ұлыстың ұлы күніНаурыз құтты болсын!Ұлыс оң болсын,ақ мол болсын!Қайда барсаң,жол болсын!Келген Жаңа жыл әр шаңыраққа береке,бірлік әкелсін!

Әже біздің балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Раяна:Арпа, бидай бастаған

Жеті дәмнен аспаған.

Наурыз көже ежелден,

Бұл тойдағы бас тағам!

Ернар:Тақпағым бар жаттаған,

Соны айтам мақтанам.

Бір жасқа мені өсірді,

Жаңа жыл,жаңа аттаған.

Аягөз:Тақпақ айтам жыл басы,

Құлағың сап тыңдашы.

Бар бөбекке өзімдей,

Тыныш өмір сыйлашы.

Жүргізуші: Қыздарым сұлу өнері асқан,

Билейді мың бұралып, сәби жастан.

Қайда біздің өнерпаз қыздарымыз,

Ортаға шығындаршы тартынбастан.

Қыздарымыз сізге «**Қамажай**»**биін** билеп береді.

Әже: Қандай тамаша, билерін де, өздерін де әдемі екенсіңдер.

Мен де, баламның бесікке салу рәсімін сіздермен бөліуге келдім.

Жүргізуші: Ал, құрметті халайық кезекті, бесікке салу рәсімін көрсетуге берейік.

Әже: Бұл-бесік. Бесіктің жабдықтарын айтып өтейін, Көрпесі, жастығы, баулары, аяқбауы, жөргегі, түбегі, шүмегі болады.

-Ал, енді бесігімізді дайындап, бөбегімізді жатқызайық.

-Бесікке баланы жатқызбас бұрын, аластап алған дұрыс. (Шырпыны жағып, отпен аластайды)

Алас, алас, алас,

Бар пәледен алас.

Барлық пәле желмен кетсін,

Ағынды сумен кетсін.

Алас, алас, алас.

-Енді тыштырма рәсімін жасайық.

-Тышты, тышты, тышты ма?

Балалар: Тышты, тышты

Қаталап айтады: Тышты, тышты, тышты ма?

Бөбегім ұйықтап дем алсын.

Қуанып, тыныш оянсын!

Енді, баламызды бесікке салайын.

Бесікке салып болған соң, 7 киім жабылып, «Бала сатам» рәсімі жасалады.

«Әлди, әлди бөпешім» бесік жыры айтылады. (Келіні шашу шашып, бесктегі баланы алып кетеді)

Жүргізуші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Бұл күні ата-аналарымыз үй үйді аралап, наурыз көжеден дәм татады, баталарын береді. Олай болса, әже сіз наурыз көже

әзірлеген шығарсыз. Біздің балаларға Наурыз көже туралы, не қосатынын айтып берсеңіз.

Әже: Наурыз – халықтың көктем мезгіліндегі қазақтың ұлы мейрамы – яғни Жаңа жыл. Халық ет асып, бидай көже жасайды. Олар атқа мініп, ауылдан – ауылға қыдырады. Бірін-бірі құттықтайды. Асқан еттерін жеп, көжелерін ішеді. Үлкен кісілер ақ тілек айтып, бата береді. Сөйтіп, Наурыз күнін шаттық өткізеді.

Наурыз көжеге: жеті түрлі тағам қосамыз. Қыстан қалған ет, су, тұз, құрт, бидай, тары, кеспе қосылады. Наурыз көже ің дәмді, ең тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Дастарқанға бұл күні бауырсақ, шелпек, қоспа деген сияқты қазақтың ұлттық тағамдары әзірленеді.

-Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарқанымыз кең жайылсын деге ақ тілекпен, наурыз көжеден дәм татыңыздар. (Ата-аналарға наурыз көжеден тостағанға құйып береді)

Жүргізуші: Рахмет, сізге Әже, ойымызға түйіп біліп жүреміз. Әже сізден осы Наурыз тойның батасын сұрайық.

Әже: Көп-көп рахмет сендерге! Өте тамаша! Өнерлерің өсе берсін. Ортамызға келген Жаңа Жыл құтты болсын!

Ардақтадың атаңды,

Мен берейін батамды.

Сыйлап ата-ананы,

Азамат бол саналы.

Уа, құдайым оңдасын,

Жаманшылық болмасын.

Наурыз тойы құтты болсын!

Ақ мол болсын!

Халық тоқ болсын!

Уайым қайғы жоқ болсын!

Қайда барсаңдар да, жол болсын!

Жүргізуші: Наурыз құтты болсын!

Дендеріміз сау, мықты болсын!

Наурыз тойы келе берсін!

Барлық халық бақытты болсын,

Қош,сау болыңыздар, халайық!

Көріскенші күн жарық болсын!

Құрметті қонақтар және әріптестер осымен «Армысың,әз Наурыз!» атты мерекеміз аяқталды. Келесі кездескенше бай-қуатты болайық ағайын!







